

## **"Ақсұңқар" мемлекеттік акционерлік холдинг компаниясы туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1993 жылғы 5 наурыздағы N 1152. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.12.08. N 2673 жарлығымен.

Түсті металлургия кәсіпорындарының қызметіне мемлекеттік реттеуді қамтамасыз ету, нарыққа бағдарланған бәсекелік қабілеті бар құрылымдар жасақтау және саланың инвестициялануына тиімді жағдайлар жасау мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетінің "Шымкент қорғасын зауыты" акционерлік қоғамы, Ащысай полиметалл комбинаты, Текелі қорғасын комбинаты және Жәйрем кен-байыту комбинаты, "Оңшахтақұрылыс" тресі (Кентау қаласы) негізінде "Ақсұңқар" мемлекеттік акционерлік холдинг компаниясын құру туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті "Ақсұңқар" мемлекеттік акционерлік холдинг компаниясының қызметін ұйымдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету жөнінде қажетті шаралар қолдансын және қорғасын-мырыш өнеркәсібінің шикізат базасының дамытылуын қамтамасыз ету, түсті металлургияның шығарылатын өнімі мен тұтыну тауарларының көлемін ұлғайту мен сапасын жақсарту, шетелдік инвесторларды қатыстыру, өндірісті жан-жақты дамыту мен коммерцияландыру мақсатымен экономиканың негізгі салаларында мемлекеттің қатысуымен холдинг үлгісіндегі басқару құрылымдарын одан әрі қалыптастыру жөнінде ұсыныстар енгізісін.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті "Ақсұңқар" мемлекеттік акционерлік холдинг компаниясының негізгі құрылтайшыларының бірі болсын.

Компанияның жарғылық капиталын қалыптастыру үшін қажетті мемлекеттік мүлік оған белгіленген тәртіп бойынша берілсін.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК